

## Мектеп тарихы



**2003 жылы 1 қыркүйекте - Астана қаласы №48 мектеп-лицей ашылды**

**Мектеп директоры Хожамуратова Сауле Губайдуллинова**

Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.

**2003 ж. 1 қыркүйек -2010 ж. 9 наурыз аралығында қызмет атқарды.**

**2005 жылы 1 қыркүйек - Ағылшын тілін 2-сыныптан оқыту экспериментіне енді.**

**2006 ж. - «RWCT мектебі (Сын тұрғысынан ойлау)» халықаралық статусын иеленді.**

**2007 ж. - Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп ретінде республикалық тәжірибе алаңы қатарына енді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 7 тамыздағы №387 бұйрығы).**



**2010 ж. 15.наурыздан 2022 ж. -25 тамыз аралығында мектеп директоры Садыкова Зауре Жакановна**

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Б.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, п.ғ.м.

**2011-2016 жж. – «Жетістіктер мектебі: ақиқаты, проблемалары, болашағы» Садыкова Зауре Жакановнаның авторлық бағдарламасы бойынша жұмыс атқарды (қалалық тәжірибелік алаң – 1 кезең).**

**2014 ж. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойылды.**

**2013 жж. – Халықаралық ынтымақтастық байланыстар бойынша жұмыстар басталды.**

**2016-2019 жж. – «Жетістіктер мектебі: білімнен – ғылымға бастар жол» бағдарламасы бойынша жұмыс атқарды (қалалық тәжірибелік алаң – 2 кезең).**

**2017 ж. - Республикалық «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» конкурсына қатысып, III орын иеленді.**

**2017 ж. - ҚР ҰҒА академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор Рахметқажы Берсімбаев Іскендірұлының кабинеті ашылып, іске қосылды.**

**2017-2020 жж. - Білім басқармасының «Көптілділік» кластері бойынша «Жетекші мектеп» дәрежесінде қызмет атқарды.**

**2018 ж. - Мұғалімдер мен оқушылардан құрылған шығармашыл көркемөнерпаздар тобы қалалық байқауда Бас жүлде иеленді.**

**2019 ж. - Нұр-Сұлтан қаласының «Креативті мектептер лигасы» құрамына енді.**

**2019 ж. - «Кластерлер - білім беру ұйымдарының жетістіктерін дамытудың инновациялық формасы» тақырыбында республикалық семинар өтті.**

**2020 ж. - Педагогикалық шеберлік орталығының оқыту бағдарламалары бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек пен қолдау көрсету мақсатында «Жетекші мектеп» қызметін атқарып келеді.**

**2020 ж. «Нұр-Сұлтан қаласының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 6 ақпандағы №44 қаулысы негізінде «48 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі - «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып аталды.**

**2022 ж. 4 сәуірде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің химия кафедрасының Құрметті меңгерушісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Әуезхан Кәріпханұлы Тәшеновтың кабинеті ашылды.**

2022 ж. 22 маусымда Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, №48 мектеп-лицейде Алаштың ардағы Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасын насихаттайтын мұражай ашылды.



**2022 ж. 5 қыркүйектен - 2025 ж. 8 қаңтар Мектеп директоры Әметбеков Ғани Бақытұлы.**

**2023 ж. 9 қарашада Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының №129 бұйрығына сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Әдіскер ұстаз» ғылыми-әдістемелік зертханасы ашылып, жұмыс тобы құрылды.**

**2023 ж. 24 сәуірде «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеялары мен әдістері-мектеп тәжірибесінде» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өткізілді.**



**2025 ж. 15 қаңтардан Мектеп директоры Қияқбай Нұрила Бақтиярқызы.**

**2025 ж. 24 қаңтарда «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ -мен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.**

**2025 ж. 14 ақпанда қалалық пәндік олимпиадалардың қорытындысы бойынша «Үздік олимпиадалық команда» үштігі қатарына қосылды.**

**2025 ж. 17 ақпанда Алматы қаласының Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталығымен ынтымақтастық келісім шарт жасалды. Орталық жетекшісі: Имаханбет Райхан Сахыбекқызы.**

**2025 ж. 19 наурызда «Бала Толағай» ұлттық күштік ойындарға бағытталған спорт зал ашылды.**

**2025 ж. 22 тамызда Педагогтерден құралған «Ахмет ізімен» экспедициялық тобы Ахмет Байтұрсынұлының туған жері Ақкөл ауылына барып, тарихи-мәдени экспедиция жасады.**

**2025 ж. 2 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» қоры Білім басқармасымен бірлесе мектепте инклюзия кабинеттері ашылды.**

**2025 ж. 2 қыркүйекте Сингапурлық сынып жобасы аясында 1 а, 1 ә, 1 б сыныптары ашылды.**

**2025 ж. 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 02.09.2025 ж. №200 бұйрығымен Бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу пилоттық мектептер қатарына енгізілді. (1-9 сыныптарда математика, ағылшын тілі, музыка пәндері)**